

2018 жылғы облыстық экологиялық-биологиялық орталығының ұйымдастыруымен оқушыларды ғылыми – зерттеу жұмыстарына қызықтыру, қоршаған ортаны зерттеуде практикалық білімін дамыту мақсатында 2018 жылдың 19-21 шілде аралығында Ақжайық ауданында Бударин зоологиялық қорығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық жас натуралистер мен зерттеушілер слетімен бірлесе жетекшілерге арналған **«Экология, биология бағыты бойынша далалық сараман»** тақырыбындағы облыстық семинар-практикумы өткізілді.

Семинар және слетке 6 аудан және облыстық экологиялық-биологиялық орталығының үйірме мүшелері қатысты. Барлығы 55 оқушы, 8 педагог болды. Педагогдерге және оқушыларға М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Биология және экология» кафедрасы, б.ғ.к., профессор Дарибаева Т.Е. және М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Биология және экология» кафедрасы, б.ғ.к., доценті Альжанова Б.С. дәріс беріп, сол аймақтың өсімдік жамылғысымен ландшафтын толықтай түсіндіріп, далалық сараман жүргізді.

Облыстық жас натуралистер мен зерттеушілер слетінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар «Жигулев мемлекеттік табиғи қорығы (Самара облысы, РФ)» халықаралық жас зерттеушілер экспедициясына жолдама алды және Ақжайық ауданының өсімдіктері бойынша кеппешөп альбомы жасалынды.

